

# Қазақтың кәдесі

# Кәде

- **Кәде** – қазақ халқының рәсімдік және ғұрыптық жоралғыларының жиынтық атауы. Кәде ( дәстүр). Айтта, ойын-тойда тағы сол сияқты ажарлы, базарлы мейрамдарда берілетін сыйды немесе алымды «кәде» деп атайды. Кәде – ойын-тойдың әсіресе құдалық, келін түсіру тойларының гүлі, ажары. Оны сұрауға, талап етуге әркімнің хақы бар. Кәде жасамау – дәстүрді сыйламау яғни ел заңын бұзу деген сөз. Ұлт мәдениетінде кәде түрлері өте көп және оның ереже, жолы, заңы бар. Оны бұзуға болмайды. Кәдеге тоқтау жоқ, дәлел жүрмейді, сөз өтпейді. Кәде беру – міндет. Өйткені жазылмаған заңымызда «ат өлсе де, кәде өлмейді» деген атамыздан қалған аталы сөз бар.
- Той кәделері: тойбастар, айттық, мүше сұрау, көрімдік, тәбәрік, жыртыс, сарқыт т.б. Құдалық кәделер: есік көру, еңтікпе, балдыз көрімдік, күйеу табақ, сүт ақы, атбайлар, босаға аттар, сәукеле байғазы, жеңгетай, шымылдық байлар, отау жабар, қыз көтерер, арқа жатар, қалыңдық ойнау, қол ұстатар, шаш сипатар, көрпе қимылдатар, ит ырылдатар, «кемпір өлді», бақан салар, мойын тастар, қыз қашар, ілу, көпшік қыстырар, күйеу аттандырар т.б. Балаға арналған кәделер: ат қою, кіндік кесер, бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесер, көрімдік т.б. Қаза кәделері: садақа, жыртыс, арулау, қабыршы кәдесі, киім беру, дұға оқы



# Дәстүр

- Қазақ халқы әрбір салт-жоралғыны, той-думан мен ырымдарды, әдет-ғұрыптарды ұстанып, орындау барысында қуанышы мен қайғысына ортақтасқан адамдарға сол игі қарым-қатынастың құрметіне, сыйластық қызметіне арнап алғыс білдіруді, ризашылығын көрсетуді кәде беру дәстүрі арқылы қалыптастырған, тіпті заңдастырған. Қазақтың ұлттық танымында «Кәде сұрағанға беру – міндет» деген сөз бар.
- Қазақ дәстүрінде кәде алу, кәде беру түрлері өте көп болған. Кәде сыйлау арқылы халқымыз бір-бірінің көңілін аулап, шынайы ниетін білдіріп, жиі қатынасып, өзара сыйластықты, ауызбіршілікті, татулықты, жақын қарым-қатынасты нығайтып отырған. Дегенмен, бүгінгі күні қазақтың дәстүрлі тіршілігінде сол сыйластықтың нышаны болған кәделердің бірқатары орындала бермейді.



# Құдалық кәделері

- қарғыбау, шеге шапан, қалың мал, өлі-тірі, бата аяқ, той малы, ат байлар, тойбастар, құйрық-бауыр, сандық ашар, шәй құяр, құда тартар, табаққа салар, құда аттандырар, тағы басқа



# Қыз ұзату


- Қыз ұзату кәделері-қазақ халқының рәсімдік және ғұрыптық жоралғыларының бірі.
- Қызды алып қайту үшін жеті не одан да көп адам келуі мүмкін, бірақ жалпы саны тақ болуы міндет. Құда-құдағилар алдымен келеді де, күйеу мен күйеу жолдасты қыздың жеңгесінің өзі барып ертіп келеді. Күйеу мен күйеу жолдас ауылға жаяу келеді және үлкен үйді баса-көктеп өтуіне рұқсат жоқ.





# Үйленер кезде күйеу жігіт біліп жүруге міндетті кәделер:

- Сүт ақы (кей жерлерде ана сүті, ата сүті) — қайын енеге емізгені үшін берілетін кәде –бір түйе немесе бір ат. Қазіргі заман талабына сай түйе мен жылқының құнына келетін бағалы әшекей.
- Балдыз көрімдік –бұрындары ұрын барғанда қалыңдықтың сіңілісмен арнайы танысып, соны таныстырған жанға көрімдек ретінде сыйлық ұсынған. Қазіргі заман талабына сай қалыңдықтың сіңілдері жездесіне әр түрлі ойын шартарын ұсынып қалыңдық отырған бөлменің кілтін сатады. Күйеу жігіт балдыздарына ақшалай сый жасап, балдыз көрімдік кәдесін жасайды.
- Жеңгетай –қалыңдықтың жақын жеңгелеріне арналады
- Сәукеле байғазы- қалыңдықтың сәукелесін киген жеңгесі күйеу жігіттен байғазы сұрайды. Ақшалай сыйлық немесе алтын, күміс әшекейлер беріледі
- Отау жабар — қалыңдықтың отауын жапқан әйелдерге берілетін мал
- Ентігімдік – күйеудің алдынан шығып қарсы алып, шашу шашқан келіншектерге берілетін кәде
- Ат байлар — кезінде біздің аталарымыз екінші бір ауылға бару үшін атты көлік етіп пайдаланған, қазіргідей авто көлікпен емес. Сол кездері ат байлар деген ырым болған, қалыңдық ауылына келген күйеу жігіттің атын қалыңдық жеңгелері атын байлағаны үшін күйеу жігіт мата немесе әшекей бұйымдарды берген. Қазіргі біздің заманымызда осы салт ұмыт бола бастады
- Төсек салар – ұрын тойда төсек салған жеңгесіне беретін кәде



- Шымылдық байлар шымылдықтың құрып берген қалыңдық туыскандарына берілетін сый
- Қол ұстар — ұрын тойда қалыңдықтың қолын жігітке ұстатқан жеңгесіне беретін сыйлық
- Шаш сипатар – қалыңдық жеңгелері күйеу жігітке қалыңдықтың шашын сипауға рұқсат бергендері үшін берілетін сыйлық
- Көрпе қимылдатар
- Ит ырылдар – күйеуге ырылдаған итті қуу үшін. (есік сыртынан жеңгесінің бірі ит болып ырылдайды)
- Бақан сылдымақ- түндікті ашқан адамға берілетін сыйлық
- Мойын тастар- ұрын тойға арнап сойылған қойдың мойынын түндіктен лақтыр
- Арқа жатар еліміздің кейбір аймақтарында жоқ, қызды төсекке жатуға көмектескен жеңгелеріне берілетін кәде
- Қыз көтерер-қалыңдықты кілемге салып көтергендерге беріледі.
- Кемпір өлді — өтірік өліп, қосылуға кедергі келтірген кемпірді қайта «тірілту» үшін берілетін ақы
- Күйеу аттанар- күйеуді атқа отырғызғаны үшін
- Қыз қашар – туыстарынан қашып кеткен қалыңдықты әкелгендері үшін.



<https://art.onbank.kz>

# Қорытынды Соңы

